

АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫНЫҢ ТЫЛ ЕҢБЕКШІЛЕРІ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫ ЖЫЛДАРЫНДА

Б.Б. БАЙШОВ,

*Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік
мемлекеттік университеті,
аға оқытушы, тарих магистрі
Ақтөбе қ., Қазақстан*

1941 жылдың 22 шілдесіндегі фашистік Германияның КСРО-ға кенеттен жасаған шабуылы Кеңес Одағын мекендеген халықтардың бейбіт өмірін бұзды. Кеңес еліне қарсы фашистік Германияның шыныққан 153 дивизиясы мен оның одақтастары Италия, Финляндия, Румыния және Венгрияның 37 дивизиясы қарсы шыққаны белгілі. Сонымен қатар фашистік Германия бұрын басып алған Еуропа елдерінің негізгі экономикалық және адами ресурстарын соғысқа дайындық барысында толық пайдаланды. Ұлы Отан соғысына дейін-ақ, Германияға толықтай бағындырылған елдердің өнеркәсібі Гитлер армиясын қаруландыру үшін жұмыс жасады. Кеңес Одағына фашистік Германияның шабуылымен барлық елде соғыс кезеңі басталды.

Екінші дүниежүзілік соғыс КСРО халықтарының бірде-бір жанұясын айналып өтпеді. Қайғы мен қасірет, қираған шаруашылықтар, шығындар мен күш-қуат, қуаныш пен жұбаныш әкелген Ұлы Отан соғысы КСРО тарихында аз айтылмады. Бұл соғыстың адамзатқа әкелген қайғы-қасіреті қандай ауыр болса, адамзатқа, оның бүгінгі және келер ұрпағына беретін сабақтары да аз емес. Сондықтан да тарихшылар оның себептері мен салдарына күні бүгінге дейін жауап іздеуде. Бұл тұрғыдан алғанда айтылған ой да, айтылар ой да көп. Бірақ осылардың ішінде әлі зерттеу объектісі болмаған, көпшілік құлағына сіңіспеген мәселелер де бар. Олардың бірі – тыл еңбеккерлерінің неміс-фашист басқыншыларын жеңуге қосқан үлесінің әрбір өлкеге бөліне отырып қарастырылуы деп айтуға негіз бар. Сондықтан аталған жайттарды

ескере отырып, қазақ елінің батысындағы ірі өлке – Ақтөбе облысы тыл еңбеккерлерінің жауды жеңуге қаншалықты деңгейде үлес қосқандығы жөнінде жазуды жөн деп таптық.

Қазақстан еңбекшілері берік тыл жасау және бүкіл республиканың экономикасын соғыс қажетіне ыңғайлап қайта құруда үлкен еңбек атқарды деп айтуға болады. Жалпы, қазақ халқы сол қиын кезеңде орасан зор еңбек пен төгілген тердің нәтижесінде мемлекеттің өздеріне берген тапсырмасын орындап шыға алды. Әсіресе бұл жолда ауылшаруашылық жұмысшылары үлкен рөл атқарды.

Әлем тарихында ең ауыр соғыс ретінде бағаланған Ұлы Отан соғысына қазақ топырағынан сан мыңдаған адамдардың қатысқаны мәлім. Соғыстың алғашқы күнінен-ақ, Кеңес үкіметі елдің халқы мен қарулы күштерін неміс-фашист басқыншыларына қарсы Отан қорғау соғысына шақыра отырып, «біздің ісіміз оң, жау жеңіледі, жеңіс біздің жағымызда болады» деген үндеу тастады. Әскери комиссариаттарға қыздар мен жігіттерден елді қорғауға еркін түрде жіберуді сұраған өтініштер көптеп келіп жатты. Ал соғыстың алғашқы күнінде-ақ, Ақтөбе облысы бойынша 300-ден астам адам майданға жіберу туралы өтініштерін білдірді [1, 48]. Ақтөбеде құрылып, солардың қатарын толтырған 101-дербес атқыштар бригадасы соғыс тарихының ұмытылмас беттерінің біріне айналды [2, 383-386].

Кеңес Одағының барлық халықтарының күш-жігері, экономикалық қорлары мен ақыл-ойының барлық жетістіктері Қызыл Армияны азық-түлік, әскери техника, киім-кешек, етік, т.б. қамтамасыз етуге жұмылдырылды. Елде берік тыл жасау және бүкіл республиканың экономикасын соғыс жағдайына ыңғайлап, қайта құру ең маңызды міндет болды [3, 101].

Соғыстың алғашқы айларында-ақ, қорғаныс саласында өте қажет саналатын елдің феррокорытпа зауыттарын, Днепропетровскідегі металл өңдейтін «Большевик» артелін, Мәскеу электротехникалық (рентген) зауыттары сияқты маңызды кәсіпорындарды жаудың басып алу қаупі туды. Сондықтан оларды Қазақстанға көшіріп, соғысқа бейімдеп,

қайта құру жұмыстары жүргізіле бастайды. Осы тұста Қазақстанға 220 фабрика, зауыт, шеберхана, артель, 20-дан астам өндіріс комбинаттары Ақтөбе облысына көшірілді. 1942 жылдың басында облысқа осы кәсіпорындармен бірге 19894 адам келсе, жылдың аяғында оның саны 27500 адамға жетті. Днепропетровскіден «Большевик» артелі, Запорожьедең ферроқорытпа зауытының жабдықтары, Черниговтан типография, Витебскіден арақ зауыты, Москвадан тоқыма фабрикасы мен рентген зауыты Ақтөбе қаласына орналастырылды. Ақтөбе облысының одақтық, республикалық және жергілікті өнеркәсіп орындарының өнім өндіру деңгейі де жылдан жылға жақсара түсті. Мысалы, облыс бойынша жалпы алғанда одақтық, республикалық және жергілікті деңгейдегі өнеркәсіп орындарының өнім өндіру көлемі жөнінен 1942 жылы 1941 жылғы көрсеткіштен 30,3%-ға асып кетті. Әсіресе одақтық деңгейдегі кәсіпорындар өнім деңгейін көбейтіп, 1941 жылы түскен 14,680 миллион рубльдің орнына 1942 жылы 22,257 миллион рубльдің тауарын өндіреді [4, 307]. Бұл ретте, облыстағы кәсіпорындардың өндіріс көлемінің ұлғаюын ең бірінші облысқа 1942 жылы 7,6 миллион рубльдің өнімін берген Москва рентген зауытының, 418 мың рубльдің өнімін өндірген «Большевик» артелінің көшіріліп әкелінуімен байланыстыруға болады. Бұлардан басқа, 1942 жылы Ақтөбе химия комбинаты мен Ақтөбе мұнай тресті де өз өнімдерін ұлғайтты. Республикалық деңгейдегі кәсіпорындар өнім өндіру көрсеткіші 1941 жылғы 9,757 миллион рубльден 1942 жылы 9,930 миллион рубльге ұлғайтып, өндіріс көлемін 2%-ға арттырды [5, 1-3].

Қазақстан еңбекшілері соғыстың алғашқы күндерінен-ақ, өздерінің жоғары деңгейдегі ұйымшылдығымен көзге түсті. Кәсіпорындар мен транспортта, колхоз-совхоздар мен МТС-тарда қатаң еңбек тәртібі енгізілді. 1941 жылдың 25–26 маусымында өткен Қазақстан коммунистік партиясының Орталық Комитетінің V пленумында республиканың еңбекшілерін, өндіріс орындарын, колхоз-совхоздарды жауды жеңуге жұмылдырып, жедел қайта құру міндетін орындау мәселесі қозғалады [6, 98-99]. Осы қажеттіліктерді жүзеге асыру мақсатында

елдің тылдағы әрбір облысында, әрбір ауданы мен ауылдарында қызу еңбек майданы жүріп жатты. Соғыс кезеңінің қиындықтарына қарамастан, Қазақстанның ауылшаруашылық жұмысшылары армия мен тылды азық-түлікпен қамтамасыз етуде орасан зор жұмыс істеді. Олар В.И. Лениннің: «Бізді қорғау үшін мықты, берік армия, оларға берік тыл қажет, ал берік әрі мықты армияға ең бірінші кезекте азық-түлікті жеткізіп тұру керек», – деген сөзін басшылыққа алды. Соғыс жылдарында армия мен халықты азық-түлікпен қамтамасыз етуде Қазақстанның ауылшаруашылығы аса маңызды рөл атқарды. 1941–1942 жылдары жаудың қол астында қалған аудандардан айдалып әкелінген 1,2 миллион бас ірі қара республиканың жер-жеріне орналастырылды [7, 22]. Егер де соғыстың ауыр жылдарында ел мен армия азық-түліктің жетіспеушілігін сезінбесе, ол қазақстандық ауылшаруашылық жұмысшылары еңбегінің нәтижесі. Соғыс жылдарында Қазақстан мемлекетке 4,8 млн. тонна нан, 217,6 мың тонна картоп, 143,2 мың тонна көкөніс, 1193,2 мың тонна қант қызылшасын, 155,3 мың тонна мақта шикізатын берген. Бұлар соғыстан бұрын елде өндірілген өнімдерден анағұрлым көп көрсеткіштер еді [8, 103].

Соғыс кезінде Ақтөбе облысының халық шаруашылығы барлық елмен бірдей қысқа мерзімде соғыс жағдайына көшірілді. 1942 жылғы көктемгі егіс салу науқаны кезінде облыстағы 600 колхоздың 423-і немесе 70%-ы егіс салу науқанын 13 күнде, 177 колхоз белгіленген мерзімінен кештеу аяқтады. Осылайша осы жылғы егіс салу жоспары толық орындалады [9, 79]. 1941 жылғы Ұлы Отан соғысы қарсаңында-ақ, Ақтөбе облысының ауыл шаруашылығында мал өсіру саласы басым бағыт болды. Бірақ соғыс уақытындағы малға, азық-түлікке, әсіресе жылқыға деген қажеттіліктерін өтеуге ыңғайлы, облыстағы климаттық-географиялық жағдайларға икемделген осы саланы кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйе тиімді пайдаланудың орнына соғыстың бас кезінен екінші орынға ысырып, облыста егін шаруашылығын дамыту саясатын жүргізе бастайды.

1941 жылдың 1 қаңтарындағы мәліметтер бойынша облыс аудандарында, құрамында 1907 мал өсіретін фермасы бар 603 колхоз болды. Мұрағат құжаттарында соғыс кезеңінде жылқы өсіру жөнінен Родниковка, Степной, Мәртөк аудандары, мүйізді ірі қара жөнінен Қарабұтақ, Ырғыз, Ойыл, Степной аудандары, қой-ешкі жөнінен Степной, Қарабұтақ, Ырғыз аудандарының артта қалғандығы айтылады [10, 98-100]. 1942 жылы облыс колхоздарында барлығы ірі қараға шаққанда 538,2 мың ірі қара бар болса, бұл сан 1945 жылдың 1 қаңтарына дейінгі аралықта 473 мыңға дейін азаяды. Осымен қоса, 1928–1944 жылдары колхозшылардың жеке малдары бес есеге дейін азайып, 1944 жылы облыс колхозшыларының 33%-ы сиырсыз, 68%-ы бірде-бір қой асырамайтын деңгейге түсіп кетеді. Соғыстан бұрын мал өсірудің облыстағы жетекші саласы болып есептелген жылқы шаруашылығының жағдайы да соғыс уақытында күрт құлдырайды. Мысалы, 1930 жылы облыста барлығы 230,7 мың жылқы болса, 1944 жылы аталған жылқы санынан 19,7 мың ғана бас қалады. Егіннің жыл сайынғы төменгі түсімі, егіс жоспарының орындалмауы, еңбеккүнге берілетін төменгі төлемдер және т.б. жағдайлар облыс колхоздарының көпшілігінің жағдайын нашарлатып жіберді. Облыстағы 587 колхоздың 85-і ғана өздері өсірген бидай және көкөніс өнімдерін келесі егінге дейін жеткізе алды, қалған 502 колхоз соғыс кезінде азық-түлік көмегіне зәру болып есептелген [11, 72-77].

Ақтөбе облысының ауылдық жерлерінің тұрғындары 1944 жылғы мәлімет бойынша 1916 жылмен салыстырғанда 3 есеге, 1932 жылмен салыстырғанда 2 есеге азайды. Нақты айтсақ, 1916 жылы ауылдық жерлердегі 90 000 үйден 1932 жылы 64 000 үй, 1944 жылы 31 000 үй қалған. Алайда, осыған қарамастан, соғыс жылдарында ауыл шаруашылығының егіс көлемі біршама ұлғайды. Мысалы, 1916 жылы облыстағы егістік жер көлемі 449 000 гектарды құрап, әр отбасыға бес гектардан келетін болса, 1946 жылы облыстың жер көлемі 350 000 гектарға азайғанымен, әр үйге 15 гектар егін алқабынан келді немесе 1916 жылға қарағанда әр үйге шаққанда егін алқабының көлемі 3,5 есеге ұлғайды. Егіс көлемін ұлғайтуға көп мән берілгендігі соншалық, бұл жұмыстар

колхоз өндірісінің басты күштерін өзіне алып, шаруашылықтың мал өсіру секілді жетекші саласының дамуына үлкен зардабын тигізді. Осының әсерінен соғыс жылдарында астық алу жоспары орындалмай қалған жағдайда оның орнын малмен толтыру секілді амалдарға көптеп жүгінуге тура келді. Облыс колхоздары мен колхозшыларында мал басының азаюына да осы фактор өз ықпалын тигізді. Егер де 1938 жылдың 1 қаңтары мен 1941 жылдың 1 қаңтары аралығында колхоздардағы мал басы 2,5 есе өссе, 1941 жылдың қаңтары мен 1944 жылдың қаңтарындағы үш жылдық өсім 17,5%-ды ғана құраған. Облыстың солтүстігіндегі егін шаруашылығымен айналысатын аудандарда мал басы өсу былай тұрсын, керісінше 5,5%-ға азайып кетті [12, 1-6 pp]. Бұдан біз соғыс кезінде облыс колхоздарындағы мал өсімінің төмендегенін, ал солтүстік аудандарда мал басының кемігендігін көреміз.

Ақтөбе облысының климатының негізгі бөлігі құрғақ болуымен ерекшеленеді. Мұндай табиғат жағдайында ауылшаруашылығында мал өсіру ғана негізгі әрі жетекші сала бола алатыны халықтың дәстүрлі шаруашылығының санғасырлық дамуы негізінде дәлелденген. Алайда бұрыннан бар, табиғи-тарихи және экономикалық жағынан тиімді жағдайларды ескермей, облыста егін шаруашылығына көбірек көңіл бөлу қажет деген біржақты бағытта жұмыс жасау елдің соғыс кезіндегі ауыр жағдайын одан әрі тұралатып жіберді. Көктемгі егіс кезінде жер жырту жұмыстарына сиыр, биелерді алу, сонымен қатар оларды пошта, мал бағу секілді жұмыстарға пайдалану төл алу науқанына үлкен зиянын келтіріп, сүт түсімін кемітті. Сонымен қатар теміржолдан шалғай аудандардан егінді тасу да көптеген күш-жігер мен уақытты талап етті. Бірақ осындай қиыншылықтарға қарамастан, Ақтөбе облысының еңбекшілері бүкіл ел басына түскен қиыншылықтарға төзіп, «қоғамдық өндірісті, қор жинау мен тұтынуды басты міндет – ел қорғау, жауды жеңуді қамтамасыз ету міндетіне бағындыра білді. Саркылмас табиғи ресурстары бар Қазақстан майданның маңызды арсеналдарының бірі болды» [13, 211]. Ақтөбе облысының соғыстан кейінгі әлеуметтік-экономикалық жағдайының төмендігі ескеріле отырып, 1945 жылдың

6 сәуірінде «Ақтөбе облысының ауылшаруашылығына көмек көрсету шаралары туралы» КСРО Халық комиссариатының қаулысы шықты.

Ұлы Отан соғысы жылдарының ауыр салмағы барлық Кеңес Одағы халқымен бірге Ақтөбе облысы тұрғындарының да иығына түсті. Майданды барлық керек-жарақтармен камтамасыз етуді қажет ететін соғыс кезеңі әрбір жұмысшыдан жауды жеңуге барлық күш-жігерін салуды талап етті және осынау қиын-қыстау кезеңде еліміздің жауды жеңу үшін жүргізген жұмыстарына біздің өлкеміз барлық әлеуетін жұмылдыра отырып, жұмыс жасады деуге толық негіз бар.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР МЕН ДЕРЕКТЕР ТІЗІМІ

1. Журин Н.И. Сверя шаг по Ильичу. Алма-Ата, 1969. 208 с.
2. Батыс Қазақстан тарихы. Екі томдық. 2-том. Ақтөбе: ПринтА, 2006. 527-б.
3. Абдоллаев Н.А. Қазақстан – әлемдік тарихтың аясында. Ақтөбе: Лазер, 2001. 243-б.
4. Масанов Н.Э. и др. История Казахстана: народы и культуры. Алматы: Дайк-Пресс, 2001. 600 с.
5. Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты. 85-қ, 1-т, 1496-іс.
6. Нусупбеков К. Вопросы истории Казахстана (Избранные труды). Алма-Ата, 1989. 344 с.
7. Нұрғалиев Қ.Р. Қазақстан экономикасы. Алматы: Қазақ университеті, 1999. 212-б.
8. Алдажуманов К. Сельские механизаторы Казахстана на фронтовой вахте. 103 // Казахстан в Великой Отечественной Войне. Ответственный ред. Т.Б. Балакаев. Алматы, 1974.
9. Ақтөбе энциклопедиясы. Ақтөбе: Отандастар-Полиграфия, 2001. 330 с.
10. Ақтөбе облыстық мемлекеттік мұрағаты. АОММ. 85-қ., I-т., 1355-іс., 98-100 pp.
11. АОММ. 85-қ., I-т., 1623-іс., 72-77 pp.
12. АОММ. 85-қ., I-т., 1623-іс., 1-6 pp.
13. Қазақ ССР тарихы көне заманнан бүгінге дейін. V том. Алма-Ата, 1984. 494-б.